

Озон қабатын бұзатын заттарды тұтыну лимиттерін (квоталарын) бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012 жылғы 04 мамырдағы № 131-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 7 маусымда № 7709 тіркелді

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 313 және 316-баптарына сәйкес және Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 30 қазандағы № 176-І Заңымен қосылған Қазақстан Республикасының Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған озон қабатын бұзатын заттарды 2012-2013 жылдар кезеңінде тұтыну лимиттері (квоталары) бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың шеңберінде үшінші елдермен саудалауда Кеден одағына мүше мемлекеттерге әкелуге немесе әкетуге тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын Тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.1-бөлімінің С және Е тізімінде көрсетілген озон қабатын бұзатын заттарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге мөлшерлік шектеулер белгіленсін.

3. Экономикалық заңнама және құқықтық қамтамасыз ету департаменті: осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін; заңнамада белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында оның жариялануы бойынша шаралар қабылдасын.

4. Экологиялық реттеу және бақылау комитеті осы бұйрықты аумақтық Экология департаменттерінің назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

М. Мұхамбетов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о р ш а ғ а н о р т а н ы қ о р ғ а у
м и н и с т р і н і ң м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 4 м а м ы р д а ғ ы
№ 131-ө бұйрығымен бекітілген

**Озон қабатын бұзатын заттарды 2012 – 2013 жылдар кезеңінде
тұтыну лимиттері (квоталары)**

Жылдар	Квоталар (тонна)	
	С тізімі	Е тізімі
2012 жылғы 1 қаңтар	1000*	80*
2013 жылғы 1 қаңтар	1000*	80*

Е с к е р т у :

* цифрлер озон қабатын бұзатын заттарды жылдар бойынша орташа тұтынуды т а л д а у д а н а л ы н ғ а н .

Сыртқы сауда қызметінің қатысушылары арасында озон қабатын бұзатын заттардың тұтынуға рұқсат етілген көлемін бөлу сыртқы сауда қызметінің і-ші қатысушысы 2009 – 2011 жылдары әкелген көлемге парапар жүзеге асырылады ($V_{i(2009)}$), $V_{i(2010)}$, $V_{i(2011)}$).

Сыртқы сауда қызметінің і-ші қатысушысына озон қабатын бұзатын заттардың тұтынуға рұқсат етілген көлемі сыртқы сауда қызметінің і-ші қатысушысы белгіленген тәртіппен берген өтініште көрсетілген көлемге қарамастан, озон қабатын бұзатын заттарды тұтынуға рұқсат етілген көлемін есептеуге сәйкес есептелген көлемнен ($V_{i(2011)}$) а с п а у ы т и і с .

2012 жылғы 31 қаңтарға дейін белгіленген тәртіппен озон қабатын бұзатын заттарды тұтынуға өтініш берген сыртқы сауда қызметінің і-ші қатысушысы үшін озон қабатын бұзатын заттарды тұтынуға рұқсат етілген көлемін (V_i) есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$V_i = k_i * V_{\text{жалпы}},$$

мұнда:

$V_{\text{жалпы}}$ – мөлшерлік шектеумен белгіленген және 2012 – 2013 жылдары тұтынуға рұқсат етілген озон қабатын бұзатын заттардың көлемі, тонна;

k_i – сыртқы сауда қызметінің әрбір қатысушысы үшін мына формула бойынша есептелген коэффициент:

$$k_i = \frac{V_{i(2009)} + V_{i(2010)} + V_{i(2011)}}{V_{\text{жалпы}(2009)} + V_{\text{жалпы}(2010)} + V_{\text{жалпы}(2011)}},$$

$$V_{\text{жалпы}(2009)} + V_{\text{жалпы}(2010)} + V_{\text{жалпы}(2011)}$$

м ұ н д а :

$V_{i(2009)}$ – сыртқы сауда қызметінің і-ші қатысушысы 2009 жылы әкелген озон қабатын бұзатын заттардың көлемі, тонна;

$V_{i(2010)}$ – сыртқы сауда қызметінің і-ші қатысушысы 2010 жылы әкелген озон қабатын бұзатын заттардың көлемі, тонна;

$V_{i(2011)}$ – сыртқы сауда қызметінің і-ші қатысушысы 2011 жылы әкелген озон қабатын бұзатын заттардың көлемі, тонна;
 $V_{жалпы(2009)}$ – сыртқы сауда қызметінің барлық қатысушылары 2009 жылы әкелген озон қабатын бұзатын заттардың көлемі, тонна;
 $V_{жалпы(2010)}$ – сыртқы сауда қызметінің барлық қатысушылары 2010 жылы әкелген озон қабатын бұзатын заттардың көлемі, тонна;
 $V_{жалпы(2011)}$ – сыртқы сауда қызметінің барлық қатысушылары 2011 жылы әкелген озон қабатын бұзатын заттардың көлемі, тонна.